

*ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер
кафедрасы*

*«Діни экстремизм және
Терроризм»*

Орындаған: Жаныбек Айгерім

Қабылдаған: Темиркулов Олжас Жанғабылулы

Қарағанды 2014ж

Жоспары:

- 1) Дін*
- 2) Діни эксиремизм*
- 3) Діни экстремизмнің алдын алу*
- 4) Терроризм, себептері, принциптері*
- 5) Саясат және терроризм*
- 6) «СӘЛӘФИЗМ» ағымы туралы*

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі.

Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім. Ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлишылығы, қорқынышы Аллаға арналады. Сөйтіп, шынайы діндар болып, жас кезінен Алланың ғана бұйрығын орындаушы болып өседі. Барлық тіршілік құбылыстары Алла Тағаланың қолында екеніне және күнәлі істері үшін оның қарғысына ұшырайтынына мұсылман кәміл сенеді. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және дұрыстықтан, имандылықтан шықпауына себепші. Иманын жоғалту адамның дінін жоғалтуына алып келеді. Діни тұрғыдан, дін – бүкіл болмыстың түпкі себебі барын, дүние-болмыстың жаратылу мақсатын, оның сыр-сипатын түсіндіріп, танып-білуге және адамның рухани жетілуіне мүмкіндік жасайтын әдіс-әрекеттер мен бүкіл дүниетанымды болмысты, толық қамтитын өте кең, ауқымды ұғым. Қазіргі ғылымның зерттеулері бойынша дін қырық – елу мың жыл бұрынғы палеолит кезеңінде шыққан. Аталмыш кезеңнің мәдениет ескерткіштері жан-жануарлар культі мен аңшылыққа қолданған сиқыршылық белгілерін сақтаған.

Діни экстремизмнің алдын алу

Экстремизм термині сөзбе-сөз (лат. ехiгетии- шеткі) шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару ретінде анықталады. Экстремизм бұл әруақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Оған анықтама беруде эксперттік ортада әртүрлі түсінік бар. Оны екі топқа бөлуге болады: бірінші топ экстремизмді бір сөзбен негативті және әлеуметтік қауіпті құбылыс деп бағалайды. Бұл бағытты ұстанушыларды «консерваторлар» деп белгілеуге болады. «Консерваторлар» бағытындағылар негізінен ғылыми академиялық орта, сонымен қоса құқық қорғау органдарының қызметкерлері.

Зерттеушілердің бір бөлігі бұл мәселені салыстырмалы түрде, жіктеп қарастыруға тырысады. Оларды шартты түрде «либералдар» деп атауға болады. Либералдар экстремизмді жағымсыз құбылыс деп анықтаудан бас тартады. Мысалы Ресейдің адам құқығы институтының expertі Лев Левинсон экстремизм бұл әртүрлі құбылыстарды кеңінен алатын іс-әрекеттің мүмкіншілігі. Сондықтан экстремизмге шек қою мүмкін емес. Экстремизм қылмыс емес. Бұған әлемдік мари сияқты ортақ құпталған шеңберден шыққан іс-әрекеттің бәрін кіргізуге болады дейді. Сонымен қоса қоғамдық құрылысқа қарсы құбылыс болса, құқықты шектеуші ретінде анықтау дұрыс емес. Себебі, кейбір әлеуметтік наразылықтар да (аштық жариялау, мемлекеттің кейбір қаулыларына қарсылық мариштары) қоғамдық қауіпті феномен деп анықталып кетуі мүмкін болар еді.

Экстремизмнің пайда болуына сараптама жасай келе бұл құбылыстың негізінде адамдардың табиғи мүдделерінің қақтығыстары экономикалық, әлеуметтік, этникалық және конфессиялық қарама-қайшылықтары жатқанын көруге болады.

Бұндай мүдделердің, қарама-қайшылықтардың масштабы әр түрлі болуы мүмкін: жеке индивидтің жеке «Мендік» мүддесінің бүкіл қоғамға қарсы тұруынан бастап, бүкіл мемлекеттік жүйелердің қатал тайталасымен аяқталады. Қанда да бір себептермен мүдделері сақталмай қалған жағдай да тайталас екі жақтың бірі өздерінің саяси, діни, этникалық, тағы басқа мәселелерінің шешімін табу үшін шектен шыққан методтарға көшуі әбден мүмкін.

Террология өзінің мәні мен мазмұны бойынша терроризімнің ерекше әлеуметтік феномені ретіндегі ғылым болып табылады, терроризімнің себебі мен мақсаты, құрылымы, бір жақтылығы, мәні, терроризімнің эскалаторлық құрылысы, және оның жеке көрсетулері мен берілген осы құбылыс пен күресу жүйесі. Егер шынайы әне мақсатты қарастырсақ, ғылыми негізбен негізделген шолумен терроризіммен күрессек, немесе осы құбылыстағы бастамасын тану және оның бөлек актілерін, біз берілген құбылыстың заңдылықтарын тануымыз керек, оның объективтік мінезін зерттеуіміз керек. Бұған тек дербес междисциплинарлы ғылым қабілетті. Тиісті ғылыми тәртіпті және оның өңделгендігін жүзеге асыруды құру адамзаттың нығаюы мен тірі қалу сұрағы болып табылады.

Терроризм – латын тілінен *terror* (террор) Қорқыту, өлім жазасына берумен үркіту, өлтіру және барлық сұмдық қаталдықтар (Даль сөздігі)

Терроризм – жарылыс істеу, өртеу не басқа әрекеттер, адамдардың апатына қауіп-қатер жасайтын, мүлікке зиян келтіру жасау немесе басқа қоғамдық қатерлердің болу ақыры, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға мақсатталған болса, халықты қорқыту не басқарушы органдар шешіміне әсері, және де нұсқалған әрекеттерді сол мақсаттарда қауіп-қатер істеу.

Терроризм теориясы жалпы мәселе болып табылады, себебі ол ешбір террорист дұшпансыз әр бір адамды өзінің құрбаны ете алады.

Терроризмнің құралы ретінде қарсы жауға арналған психологиялық артықшылық болып табылады, ол: не, қайда, қашан, не үшін кезекті соққы болатының білмейді. Терроризм – ол оның ұзақ мезімді болашағына есептелген және оның іске асыруына глобалды қарқындалған жүйке соғысы. Терроризм, «өркениеттендірілген» соғыс ретінде, шайқас алаңында жеңбейді, ол адамның ішкі психика дүниесінде жеңеді. Адамның немесе үлкен адамдар тобының мінез-құлқын өзгерті үшін оларды өлтіріп, жарақаттау міндетті емес, тек олардың саналарының құрылымы мен күйін өзгерту керек.

Терроризм себептері:

Терроризм себептерін басынан үш аспектіден қарастыруға болады.

- 1. Транснациональді қылмыстардың себептері – экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да тәртіптер (билікке таласу, меншікке, нарық өтімінде, әсер ету ортасының шегі, әлеуметтік теңсіздік, информациялық қайта өңдіру, бақылауға алынбаған ресурс өзгерістері);*
- 2. Терроризм себептері – (экстремизм, негізгі саяси, идеологиялық, діни және басқа көзқарастар т.б.);*
- 3. Терроризмнің өршуі не бөлек террористік топтық актілердің (террористік ұйымдардың қалыптасуы, олардың жоғарғы әскери және басқа потенциалдары) себептері.*



Басты принциптер:

- 1) *Әскери еш нарсе тасылмайды және өңдірілмейді – террор тек азаматтық технологиялық орталы жүйелі әдістерді және жаудың қару-жарағын қолданады, қарсыластардың жерінде орналасқан жеңілу құралдарын қолданады.*
- 2) *Ешқай террористер ашылмайды – террористер қарсыластарының барлық территориясы бойынша ашық бөліп жайғастырылған.*
- 3) *Ешкім террористердің басшыларын байқай алмайды – жауынгерлік әрекеттерді басқаруда иерархиялық жүйелердің орнына өзін-өзі тәрбиелеу жүйесінің басқару торы құрастырылған.*
- 4) *Ештеме рөлді ашып тастамайды, атқарушы терактардың мақсаттарында – террористерде белгілі қызмет, атақ, ерекшелейтін белгіері жоқ.*
- 5) *Террористер басқарудың қымбат «өркенделген» соғыстың әдістерін қолданбайды – оларда жалпы қамтылатын саяси идеологияға табиға қарсы тұратын көпжылдық идеология болып табылады.*
- 6) *Жаңа заман шынайлығына теріске шығару жоқ, оларды өздерінің қызығушылығында қолдану бар – ашық қоғам, шексіз әлем, ғылыми-техникалық революция кері бейнеде қолданылады, бірақ оны құраушы әлеуметтік және ғылыми-техникалық инновациялық елдерден жылдамырақ және белсендірек қолданады.*

Саясат және терроризм.

Қазіргі жағдайда терроризм саяси немесе әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, әскери және басқа да ұлттық немесе трансұлттық процестердің аясынан ашақ емес. Терроризм осы түсініктің кең мағынасында саяси сұрақтарды шешетін қылмыстық құрал болып табылады. Сонымен қатар саяси үкімет, оны ұстау үшін күрес –

— бұл белгілі бір экономикалық қызығушылық үшін күрес; ресурстар, өтім нарығы; меншікті қолдану құқығы; белгілі бір аймақты қолдану; спецификалық амалдарды шешуге арналған кеністік(ескірткі заттарын өсіру). Көбінесе қазіргі кездегі терроризм саясаттан және саяси іс-әрекет аясынан негіз алады.

— Теңестіре алмау және әлеуметтік теңсіздік, ұлттық қызығушылық немесе діни сенім мәселелерін шеше алмау. Терроризм саясат әлсіз жерде байқалады.

Әлеуметтік құбылыс ретінде терроризм көп жоспарлы. Оған экстремистік, террористік идеология, террористік көрініс формасындағы саяси зорлауды іске асыратын сәйкес мекемелер, сонымен қатар террористік іс-әрекет практикасы сияқты негізгі элементтер кіреді.

Әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде терроризм қоғамда болатын процестермен және ең бірінші оның әр түрлі аймағындағы қайшылықтармен ескеріледі. Терроризмнің пайда болып, дамуына ұзақ уақытты қоғамдық қайшылықтармен қатар, тез пайда болатындары да әсер етеді.

Ақтауда болған оқиға Қазақстандағы салафизмді “қалыпты” және радикалды деп қарастырудың қате екенін дәлелдеді. Маңғыстауды ғана емес, бүкіл елді үркіткен жағдай биліктің қадағалаушы органдары мен қоғамдық институттарды мәселеге терең назар аударуы керектігін анық көрсетті. Қазақстандағы діни ахуал бұдан ертерек қолға алуды талап етсе де, үстірт қаралып келген жағдай қазір шынымен ушықты.

Қашқындар кімдер?

«Үш қиян» газетінің тілшісіне 22-ші маусым күні таңғы сағат 5:59-да сотталушылардың туысқандары тарапынан Ақтау қаласының сыртындағы ГМ 172/1 қатаң режимдегі колонияда атыс болып жатқаны туралы хабарлама келіп түсті. Кейін оқиғаның сұлбасы анықтала бастағаннан редакция журналистері мәселені жіті бақылау үстінде болды. Бұл оқиғаның діни «бояуы» бар екені қауесет есепті, үстірт қана кейбір баспасөз құралдарында баяндалғанымен, кейін редакциямызға келіп түскен ақпараттар мәселенің мән-жайын аша түсті.

Түрмеден қашқан 21 адамның бірі, қолға түскен Ж.Құрмашев тергеу барысында оқиғаның қалай басталғанын баяндап берген. Оның айтуынша, қашуды ұйымдастырған – Нариман Ажиев. Естеріңізге сала кетейік 2008 жылдың 11-ақпаны күні Маңғыстауда уахабтардың қолымен істелген, полиция капитаны Бисекенов өлтірілген қанды оқиғаның басында осы Ажиев болған. Бұл туралы «Үш қиян» егжей-тегжейлі жазған болатын (қараңыз, «ҮҚ» №7, 2008 ж. «Маңғыстаудағы майдан»). Сондай-ақ сол оқиғаға қатысты сотталушылар Е.Алпанов, О.Жолдасбаев те бірге қашқан, қазір олар бостандықта.

Дін істері агенттігі Ақтауда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы БАҚ рөліне арналған «дөңгелек үстел» өткізді



АСТАНА. 22 маусым. ҚазАқпарат - 21 маусым күні Ақтау қаласында Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің ұйымдастыруымен «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелеріндегі БАҚ рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Бұл туралы Дін істері агенттігінің баспасөз қызметінен мәлім етті.

Іс-шараға ҚР ДІА жанындағы Қазақстандағы діни жағдай мәселелері жөніндегі консультативтік-сарапшылық кеңес мүшелері, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, дін саласындағы ғалымдар мен сарапшылар, ақпараттық-насихат топтарының, сонымен қатар, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарының бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында БАҚ-та діни тақырыптардың жариялануы, Дін істері агенттігінің діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда журналистік ортамен ақпараттық тұрғыдағы сындарлы өзара әрекеттестігі бойынша өзекті мәселелер қаралып, талқыланды.

Дөңгелек үстелде ҚР ДІА төрағасының орынбасары Ғалым Шойкин құттықтау сөз сөйлеп, өзекті рухани тақырыптар бойынша халыққа ақпарат берудегі жедел әрі жемісті жұмыстары үшін журналистерге алғыс білдірді және дін секілді нәзік сала жөнінде БАҚ-та дұрыс ақпарат бере білудің маңыздылығына тоқталды.





AltayNEWS.kz







Қалыпты салафизм мен қауіпті салафизмнің арасы – бір-ақ елі

Уаххабшылдық Қазақстанға тұтас стратегиялық жоспары мен институттық күш қуатымен дайындалып кіргені туралы «Үш қиянда» бұдан бұрын да көп жазылған болатын. Қазақстанның Орталық Азиядағы маңызды аймақ екені белгілі, сондықтан басқа мемлекеттерде тез «жемісін» берген «құралдың» даму белгісі біздің елде басқаша сипат алып отыр. Себебі, барлық белгілері анық, соңғы ғасырда терең зерттеліп келе жатқан уаххабшылдықты айнытпай танығанымен, біздің ел олармен күресті кешеуілдете берді. Әсіресе, соңғы екі-үш жылда бірнеше терракттың алдын алып, құқық қорғау саласы аяғынан тік тұрғанымен, жағдай өзгерген жоқ. Керісінше, бір ғалымсымақтардың қолымен салафизмді екіге бөліп, салафизмнің «қазақстандық жуас нұсқасын» жасау арқылы процесті дамытып отыр. Соңғы жылдары Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Шешенстандағы лаңкестік әрекеттерді ұйымдастыру-шылардың кейбірінің Қазақстан азаматтары екені ресми түрде айтылып жүр. Одан да сорақысы, ел ішінде «лаңкестік әрекет жасамақ болыпты», «құзырлы органдардың ғимаратын басып алмақ болып ұсталыпты» деген қорқынышты хабарлар жылдан жылға жиілеп барады. 2006 жылы 16-қарашада «жихад» жолында Степногорскі қалалық әкімшілігін басып алмақ болған он қазақ жігіт ұсталған. 2007 жылы сәуір айында Шымкенттегі облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің ғимаратында жарылыс ұйымдастырмақ болған 15 қылмыскер құрықталды. Бұл қаскөйлік әрекет Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Шымкент облысына сапары кезінде ұйымдастырылған. Қарағандылық Жандос Ахметшин Шешенстандағы уахаббилік содырлардың сапында Грозныйда лаңкестік жарылыс ұйымдастырып жүріп «шейіт» болды. Сондай-ақ 2006 жылы да 20-шы тамыз күні Ақтауда ұйымдастырылған бүліктің де діни астары бар екені әлі толық ашылған жоқ. Мақала басында айта кеткен, 2008 жылы полиция капитаны өлген Маңғыстаудағы бес уахабиттің ісі мен 2009 жылдың маусым айында Дағыстанға «жихадқа» кетіп өлген бес баланың мәселесін кешегі Ақтаудағы түрмеден қашқандардан ажыратып қарай алмайсыз. Барлық жерде бір адамның қолынан істелгендей белгілер бар. «Жихад», «шаһид», «ширк» деген сөздері олардың бір ағымның адамдары екенін дәлелдейді, олай болса, исламға жала жабушылардан қорғаушы ҚМДБ айға бата жасап отыр ма? Естеріңізде болса, 2008 жылғы бес уахабтың ісінде тек, біреуінің үйінен 50 кітап, 39 дискі табылғанын айтқанбыз. Кешегі түрмеден қашқандардың қалтасынан да «Мұсылман қорғаны» мен мойынына ілген Құран кітабы шыққан. Өлгендердің ішінде түрмедегі мешіт имамы Бекеновтың болғанын айттық. Онда түрмедегі мешітте не оқытылған деген сұрақ шығады. Бүкіл мешітті бауырына басып отырған ҚМДБ бұған жауапты емес пе? Дін істері комитеті ондай жерге кіргізілетін әдебиеттер тізіміне тыйым салмаған ба? Өйткені, қауіпті діни әдебиеттер тізімі анықталғаны белгілі. Бірақ емін-еркін жұмыс жүргізіп отырған баспалар мен қорларға әлі де тыйым болмағаны уаххабшылдықтың тамырын тереңге жібергенінің дәлелі.



ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін;

2) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Бағдарламаның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат ұсынсын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев